

Республиканың күкірт қышқылын өндірумен шұғылданатын өнеркәсіп орындарының жұмысын тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 19 мамыр N 401. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республиканың күкірт қышқылын шығарумен байланысты өндірістік кешендерінің жұмысын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1 < * > .

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚРМҚ-нің 1994.11.02. N 1219 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі "Балқашмыс" өндірістік бірлестігін және күкірт қышқылын өндіретін басқа да кәсіпорындарды оны тасымалдау үшін темір жол цистерналарымен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі:

республикада күкірт қышқылын өндіретін кәсіпорындарды дамыту тұжырымдамасын жасап, онда күкірт қышқылын әкелінетін шикізат есебінен шығару көлемін мейлінше азайту, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің күкірт қышқылын ішкі республикалық өндіріс есебінен тұтынуын толық қамтамасыз ету шараларын көздейтін болсын;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп және республиканың мамандандырылған кәсіпорындары мен ұйымдарының қатысуымен күкірт қышқылын Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тасымалдаудың техникалық жағдайларын жасау мақсатында шекаралық "Дружба" станциясында оны сақтайтын қойма салудың қажеттігін қарап, объект құрылысын қаржыландыру жөнінде шешім қабылдайтын болсын;

"Балқашмыс" өндірістік бірлестігімен бірлесіп, күкірті бар өнімдердің сан алуан түрлерін шығару арқылы газды кешенді өңдеу негізінде күкірт қышқылы өндірісін жаңғырту шеңберінде экологиялық жағдайды жақсартуға және атмосфераға зиянды заттарды шығаруды азайтуға бағытталған жұмыстарды орындауды қамтамасыз етсін;

"Қазақстанқұрылыс" концернімен және "Балқашмыс" өндірістік бірлестігімен бірлесіп жаңа күкірт қышқылы цехын 1995 жылы аяқтап, іске қосу жөнінде шаралар қабылданын;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен және "Балқашмыс" өндірістік бірлестігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Заңының 41 бабына сәйкес бірлестіктің өндірістік қызметіне уақытша экологиялық регламент белгілесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК